

**"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі [Жамбыл облысындағы жол учаскесі] [Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық бағдарлама - 4-жоба) қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 маусымдағы № 627 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі [Жамбыл облысындағы жол учаскесі] [«Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық бағдарлама – 4-жоба) қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі [Жамбыл облысындағы жол учаскесі] [Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық бағдарлама – 4-жоба) қол қою туралы**

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімнің (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі [Жамбыл облысындағы жол учаскесі] [Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық бағдарлама – 4-жоба) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі [Жамбыл облысындағы жол учаскесі] [«Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық бағдарлама – 4-жоба) қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2011

жылғы

«\_\_»

№

Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

**Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісім (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі [Жамбыл облысындағы жол учаскесі] [Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық Бағдарлама – 4-жоба)**

\_\_\_\_\_ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (Қарыз алушы) мен АЗИЯ ДАМУ БАНКІ (АДБ) арасындағы ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ.

ТӨМЕНДЕГІНІ НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

(А) Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасында жасалған 2009 жылғы 13 қаңтардағы «ҚАЗ көп траншты қаржыландыру тетігі: ОАӨЭЫ 1 Көлік Дәлізі Инвестициялық Бағдарламасы (Жамбыл облысындағы учаскелер) [Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі]» қаржыландыру туралы негіздемелік келісімге (ҚНК) сәйкес ОАӨЭЫ 1 Көлік Дәлізі (Жамбыл облысындағы учаскелер) [Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі]» Инвестициялық Бағдарламасы (Инвестициялық Бағдарлама) шеңберінде жобаларды қаржыландыру үшін Қарыз алушыға көмек көрсету мақсатында АДБ көп траншты қаржыландыруды ұ с ы н а д ы ;

(В) Қарыз алушының 2011 жылғы 17 қаңтардағы қаржыландыру туралы мерзімді сұрау салуы арқылы Қарыз алушы ҚНК-ге сәйкес АДБ-ға осы Қарыз туралы келісімнің 1-қосымшасында сипатталған жобаны («Жоба») қаржыландыру мақсаты үшін қарыз бөлу туралы өтінішпен жүгінді; және

(С) АДБ Қарыз алушыға осы құжатта ұсынылған мерзімде және шарттарда АДБ-ның әдеттегі капитал ресурстарынан қарыз береді.

ЖОҒАРЫДА БАЯНДАЛҒАНДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, осы Келісім тараптары төмендегілер туралы уағдаласты:

## I БАП

### Қарыз беру қағидасы; Анықтамалар

1.01-бөлім. 2001 жылғы 1 шілдедегі АДБ-ның Әдеттегі капитал ресурстарынан бөлінетін қарыздарға Лондон банкаралық ставкасы бойынша қолданылатын жай операциялар үшін қарыз беру ережелерінің барлығы (Қарыз беру қағидасы) осы арқылы осы Қарыз туралы келісімге қолданылатын және осы Келісімнің мәтінде жазылғандай толық көлемде, алайда төмендегі өзгерістерді сақтай отырып, қолданылатын болып есептеледі:

(a) 3.03-бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

Резервке қойғаны үшін комиссия; Кредит.

(a) Қарыз алушы Қарыз туралы келісімде көзделген ставка мен шарттар бойынша Қарыздың талап етілмеген сомасы бойынша резервке қойғаны үшін комиссия төлеуге міндеттенеді.

(b) АДБ Қарыз алушыға осы Қарыз туралы келісімде көзделген ставка бойынша кредит беруге міндеттенеді, әрі мұндай кредит Қарыз мерзімі аяқталғанға дейін тіркеліп қалады. АДБ кредит сомасын Қарыз алушының төлеуіне жататын пайыздарға қолдануға міндеттенеді.

(b) 3.06-бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

(a) Жаңа қарыздарға қолданылатын тіркелген спредтің төмендетілетіні туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін АДБ неғұрлым жоғары тіркелген спред қолданылатын, талап етілмеген қарызы бар әрбір Қарыз алушыға өтем беруге міндеттенеді. Өтем сомасы талап етілмеген қарызға қолданылатын тіркелген спред пен жаңа қарыздарға қолданылатын тіркелген (жылдық пайыздық мән түрінде көрсетілген) спред айырмасын (i) жаңа қарыздарға қолданылатын, төмендетілген тіркелген спред күшіне енген күнінен бастап және одан кейін барлық пайыздық кезеңдер ішінде пайыздарды төлеуге Қарыз алушы міндеттенетін, талап етілмеген қарыздың негізгі сомасына (ii) көбейту жолымен айқындалатын болады.

(b) Қарыздың кез келген валютасына (немесе бекітілген валютаға) қатысты өзінің қаржыландыру құнының маржасын есептеулері кез келген жарты жылдықта АДБ-ның қаражатын үнемдеуге әкелгені туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін АДБ Қарыз алушыға өтем беруге міндеттенеді. Өтем сомасы қаржыландыру құнының маржасын (i) (жылдық пайыздық мән түрінде көрсетілген) Қарыз алушы қаржыландыру құнының маржасы есептелген жарты жылдықтан кейін тікелей басталатын пайыздық кезең ішінде пайыздарды төлеуге міндеттенетін Қарыздың негізгі сомасына (ii) көбейту жолымен айқындалады, АДБ қаржыландыру құнының маржасы есептелген жарты жылдықтан кейін дереу басталатын пайыздық кезең ішінде Қарыз алушының төлеуіне жататын пайыздардан өтемақы сомасын шегеруге міндеттенеді».

(c) 3.07-бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

(a) Жаңа қарыздарға қолданылатын тіркелген спредтің ұлғаятыны туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін неғұрлым төмен тіркелген спред қолданылатын, талап

етілмеген Қарызы бар әрбір Қарыз алушы АДБ-ға қосымша сома төлеуге міндеттенеді. Бұл қосымша соманың мөлшері жаңа қарыздарға қолданылатын тіркелген спред пен талап етілмеген қарызға (жылдық пайыздық мән түрінде көрсетілген) қолданылатын тіркелген спред айырмасын (i) талап етілмеген Қарыздың негізгі сомасына (ii) көбейту жолымен айқындалатын болады, ол бойынша Қарыз алушы жаңа қарыздарға қолданылатын, көтеріңкі тіркелген спред күшіне енген күннен бастап және сол сәттен кейінгі барлық пайыздық кезеңдер ішінде пайыздарды төлеп отыруға міндеттенеді.

(b) Қарыздың кез келген валютасына (немесе бекітілген валютаға) қатысты өзінің қаржыландыру құнының маржасын есептеулері кез келген жарты жылдықта АДБ шеккен қосымша шығындарға әкеліп соққаны туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін Қарыз алушы АДБ-ға қосымша сома төлеуге міндеттенеді. Бұл қосымша соманың мөлшері қаржыландыру құнының маржасын (жылдық пайыздық мән түрінде көрсетілген) (i) Қарыздың негізгі сомасына (ii) көбейту жолымен айқындалады, ол бойынша Қарыз алушы қаржыландыру құнының маржасы есептелген жарты жылдықтан кейін дереу басталатын пайыздық кезең ішінде пайыздарды төлеп отыруға міндеттенеді. АДБ қосымша ақы төлеу мөлшерін қаржыландыру құнының маржасы есептелген жарты жылдықтан кейін дереу басталатын пайыздық кезең ішінде Қарыз алушының төлеуіне жататын пайыздарға қосуға міндеттенеді.

1.02-бөлім. Егер осы құжатқа өзгерістер енгізілмесе және түпмәтін бойынша өзгеше талап етілмесе, Қарыз беру қағидасында анықтама берілген мына терминдер осы Қарыз туралы келісімде қолданылған әрбір жағдайда оларда айтылған тиісті мағынаға ие болады. Мынадай терминдердің төмендегідей мағыналары бар:

(a) ОАӨЭЫ Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үлгілік Аймақтастықты білдіреді;

(b) «ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі» – Қытай Халық Республикасымен шекарадағы Қорғастан Алматы мен Шымкент арқылы Ресей Федерациясымен батыс шекараға дейін өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізін білдіреді;

(c) «Консультациялық қызметтерді тарту жөніндегі нұсқау» Азия Даму Банкінің және оның Қарыз алушыларының консультанттардың қызметтерін тартуы жөніндегі (мерзімді түзетулері бар 2010 жылғы) АДБ нұсқауын білдіреді;

(d) «Консультациялық қызметтер» Жоба шеңберінде көрсетілген және осы Қарыз туралы келісімге 1-қосымшаның 2(b) тармағына сәйкес Инвестициялық Бағдарламаның 1-жобасы бойынша қарыздан түсетін табыс есебінен қаржыландырылатын қызметтерді білдіреді, алайда келісімшарттық жұмыстарды орындау бөлігінде ұсынылатын кез келген қызметтер қосылмайды.

(e) «ЭБШНҚ» Қарыз алушы мен АДБ арасында келісілген және сілтеме арқылы ҚНҚ-ға 5-қосымшаға енгізілген экологиялық бағалау мен шолудың негіздемелік құжатын білдіреді;

(f) «ҚОБЖ» Қоршаған ортаға әсерді бағалауға (ҚОӘБ) енгізілген Қоршаған ортаны басқару жоспарын білдіреді;

- (g) ҚНҚ осы Қарыз туралы келісімнің декларациялық (А) бөлігінде берілген мағынаға ие болады;
- (h) «АЭБ» Жоба үшін Қарыз алушы дайындаған және АДБ-мен келісілген алдын ала экологиялық бағалауды білдіреді;
- (i) «Инвестициялық Бағдарлама» осы Қарыз туралы келісімнің декларациялық (А) бөлігінде берілген мағынаға ие болады;
- (j) «км» осы белгі және жобалық жолда километрдің белгілі бір саны көрсетілген жерді білдіреді және төменде километрді білдіретін «км» деп келтірілген;
- (k) «ЖСҚНҚ» Қарыз алушы мен АДБ арасында келісілген және сілтеме арқылы ҚНҚ-ға 5-қосымшаға енгізілген жерлерді сатып алу және қоныс аудару жөніндегі негіздемелік құжатты білдіреді;
- (l) «ЖЖСЖ» Жоба үшін жерлерді сатып алу және қоныс аудару жоспарын білдіреді ;
- (m) «Қарыз қаражатының төлемдері бойынша анықтамалық» Қарыз қаражатының төлемдері бойынша (мерзімді түзетулері бар 2007 жылғы) АДБ-ның анықтамалығын білдіреді ;
- (n) «ККМ» Қарыз алушының Көлік және коммуникация министрлігін және оның кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді;
- (o) «облыс» Қарыз алушының аумақтық-әкімшілік бірлігін білдіреді;
- (p) «ҚМС» Қарыз алушы Инвестициялық Бағдарлама шеңберінде әрбір траншты алу үшін жіберген немесе енді жіберетін қаржыландыруға арналған мерзімді сұрау салуды білдіреді, осы Қарыз туралы келісім бойынша қаржыландыруға арналған мерзімді сұрау салу 2011 жылғы 17 қаңтарда ұсынылған;
- (q) «ЖБК-АДБ» Инвестициялық бағдарламаның 1-жобасы шеңберінде құрылатын жобаны басқару жөніндегі консультанттар тобын білдіреді;
- (r) «Сатып алу жөніндегі нұсқау» АДБ-ның (2010 жылғы, мерзімді түзетулері бар) Сатып алу жөніндегі нұсқауын білдіреді;
- (s) «Сатып алу жоспары» Қарыз алушы мен АДБ арасында келісілген Сатып алу жөніндегі нұсқауға, Консультациялық қызметтерді тарту жөніндегі нұсқауға және АДБ-мен келісілген басқа да іс-шараларға сәйкес мерзімді жаңартулары бар 2011 жылғы 9 ақпандағы жоба үшін сатып алу жоспарын білдіреді;
- (t) «Жоба» осы Қарыз туралы келісімнің декларациялық (А) бөлігінде берілген анықтамаға ие болады ;
- (u) «Жоба бойынша атқарушы агенттік» Қарыз беру қағидасының мақсаттары үшін және оның анықтамасы шеңберінде ККМ-ді және оның жобаны орындауға жауапты кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді;
- (v) «Жоба жолы» жолдың осы Қарыз туралы келісімге 1-қосымшаның 2 (а) тармағында егжей-тегжейлі көрсетілген, Жобаға сәйкес салынатын, жақсартылатын немесе қалпына келтірілетін учаскелерін білдіреді;

(w) «Жұмыстар» консультациялық қызметтерді қоспағанда, Қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын, бұрғылау немесе картаға түсіру сияқты қызметтерді және жобаға қатысты, бірыңғай міндеттемелердің не «пайдалануға берілген» құрылысқа келісімшарттың бір бөлігі ретінде көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, құрылысты немесе азаматтық-құрылыс жұмыстарын білдіреді.

## **II БАП**

### **Қарыз**

2.01-бөлім. (a) АДБ Қарыз алушыға АДБ-ның әдеттегі капитал ресурстарынан бір жүз он екі миллион АҚШ доллары (\$ 112,000,000) сомасына қарыз беруге келіседі, әрі бұл соманы осы Қарыз туралы келісімнің 2.06-бөлімінің ережелеріне сәйкес Айырбастау шеңберінде кезең-кезеңімен айырбастауға болады.

(b) Қарыз 20 жыл негізгі өтеу кезеңін және осы Бөлімнің (c) тармағында айқындалған жеңілдікті кезеңді болжамдайды.

(c) Осы Бөлімнің (b) тармағында пайдаланылатын «жеңілдікті кезең» деген анықтама осы Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасында баяндалған өтеу кестесіне сәйкес қарыздың негізгі сомасын өтеу төлемінің бірінші күнінің алдындағы кезеңді білдіреді.

2.02-бөлім. Қарыз алушы АДБ-ға талап етілген және талап етілмеген Қарыздың негізгі сомасына Лондон банкаралық ставкасының сомасына тең әрбір пайыздық кезеңнің ставкасы бойынша кезең-кезеңімен және Қарыз беру қағидасының 3.03-бөліміне сәйкес жылына 0.30 % кредитті шегере отырып, Қарыз беру қағидасының 3.02-бөліміне сәйкес жылына 0.60 % пайыздар төлеуге міндеттенеді.

2.03-бөлім. Қарыз алушы резервке қою үшін жыл сайын 0.15 % сомасында комиссия төлеуге міндеттенеді. Бұл комиссия осы Қарыз туралы келісімге қол қойылған күнінен кейін алпыс (60) күн өткен сәттен бастап қарыздың толық сомасына (кезең-кезеңімен алынатын соманы шегергенде) есептеледі.

2.04-бөлім. Пайыздар мен қарыз жөніндегі өзге де төлемдер жарты жылда бір рет әрбір жылдың 15 ақпанында және 15 тамызында төленуге тиіс.

2.05-бөлім. Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасындағы ережелерге сәйкес Несие шотынан талап етілген қарыздың негізгі сомасын төлеуге міндеттенеді.

2.06-бөлім. (a) Қарыз алушы борышты ұтымды реттеуді қамтамасыз ету мақсатында кез келген уақытта қарызды төмендегі айырбастаудың кез келгенін сұратуға құқылы:

(i) Төленген және талап етілмеген немесе төленбеген қарыздың толық немесе ішінара сомасының қарыз валютасын бекітілген валютаға өзгерту;

(ii) Талап етілген және талап етілмеген қарыздың толық немесе ішінара негізгі сомасына қолданылатын базалық пайыздық ставканы, өзгермелі пайыздық ставкадан

тіркелген ставкаға және керісінше өзгерту; және

(iii) Пайыздық ставканың тіркелген ең жоғары деңгейін немесе кез келген көрсетілген өзгермелі пайыздық ставканың ең төменгі деңгейін белгілеу жолымен, талап етілетін немесе талап етілмеген қарыздың толық немесе ішінара сомасына қолданылатын өзгермелі пайыздық ставкаға лимиттерді бекіту.

(b) Осы Бөлімнің (a) тармағына сәйкес айырбастау туралы АДБ мақұлдаған кез келген сұрауды Қарыз беру қағидасының 2.01 (б) бөлімінің анықтамасы бойынша «Айырбастау» деп және ол Қарыз беру қағидасының V Бабының және Айырбастау жөніндегі нұсқаудың ережелеріне сәйкес күшіне енеді деп есептеу керек.

## **III БАП**

### **Қарыз қаражатын пайдалану**

3.01-бөлім. Қарыз алушы жоба бойынша шығындарды қаржыландыруға арналған қарыз қаражатын осы Қарыз туралы келісімнің ережелеріне сәйкес пайдалануға м і н д е т т е н е д і .

3.02-бөлім. Барлық қарыз қаражаты осы Қарыз туралы келісімнің 3-қосымшасының ережелеріне сәйкес бөлінуге және алынуға тиіс, бұл ретте осы Қосымшаға Қарыз алушы мен АДБ-ның келісімі бойынша кезең-кезеңмен өзгерістер жасауға жол беріледі .

3.03-бөлім. Егер АДБ өзгеше көрсетпесе, Қарыз алушы шығыстардың барлық баптарын осы Қарыз туралы келісімнің 4-қосымшасының қолданылатын ережелеріне сәйкес жүргізеді немесе жүргізуді ұйымдастырады. Қарыз беруші мен АДБ келіскен рәсімдер шеңберінде мұндай баптардың барлығы елеулі дәрежеде сатып алынбаған не егер келісімшарттың мерзімдері мен шарттары АДБ талаптарын қанағаттандырмаған жағдайда, АДБ келісімшартты қаржыландырудан бас тартуға құқылы.

3.04-бөлім. Егер АДБ өзгеше келіспесе, Қарыз алушы қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын шығыстардың барлық баптарының жобаны орындау мақсатында ғана пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.05-бөлім. 2014 жылғы 31 желтоқсан не Қарыз алушы мен АДБ арасында келісілуі мүмкін осындай басқа бір күн Қарыз беру қағидасының 9.02-бөлімінде баяндалған мақсаттар үшін қарыз шотынан қаражат алу үшін жабу күні болып есептеледі.

## **IV БАП**

### **Ерекше шарттар**

4.01-бөлім. (a) Қарыз алушы Жобаның орындалуын тиісті жауапкершілікпен және тиімділікпен әрі практиканың ұтымды инженерлік, қаржылық, экономикалық және әлеуметтік талаптарына сай қамтамасыз етуге міндеттенеді.

(b) Жобаны іске асыру және Жоба объектілерін пайдалану процесінде Қарыз алушы

осы Қарыз туралы келісімнің 5-қосымшасында баяндалған барлық міндеттемелерді орындауға не олардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.02-бөлім. Қарыз алушы Жобаны орындау үшін және Жобалық объектілерді пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін қарыз қаражатына қосымша қажетті құралдарды, объектілерді, қызметтерді, жер учаскелерін және өзге де ресурстарды қажет болуына қарай дереу қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.03-бөлім. (a) Қарыз алушы Жобаны іске асыру процесінде АДБ үшін қолайлы, құзыретті және білікті консультанттар мен мердігерлерді Қарыз алушы мен АДБ-ның талаптарына сай болатындай дәрежеде, мерзімде және шарттармен тартуды қамтамасыз е т у г е м і н д е т т е н е д і .

(b) Қарыз алушы Жобаны АДБ үшін қолайлы жоспарларға, жобалау стандарттарына, жұмыс ерекшеліктеріне, кестелеріне және құрылыс әдістеріне сәйкес іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Қарыз алушы бұл жоспарларды, жобалау стандарттарын, жұмыс ерекшеліктері мен кестелерін дайындағаннан кейін дереу, сондай-ақ көрсетілген құжаттарға АДБ негізді түрде талап ететін тәптіштеу дәрежесіне сай жасалған кез келген елеулі өзгерістерді беруге немесе олардың АДБ-ға берілуін қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т е н е д і .

4.04-бөлім. Қарыз алушы Жобаны орындауға және Жобалық объектілерді пайдалануға қатысты өз департаменттері мен ұйымдарының барлық іс-әрекеттерді ұтымды әкімшілік саясат пен рәсімдерге сәйкес жүргізуін қамтамасыз етуге м і н д е т т е н е д і .

4.05-бөлім. (a) Қарыз алушы (i) Жоба үшін бөлек есептілікті жүргізуге не олардың жүргізілуін қамтамасыз етуге; (ii) біліктілігі, жұмыс тәжірибесі мен құзыретінің саласы АДБ-ның талаптарына сай тәуелсіз аудиторларға аудиттің тиісті стандарттарын қолдана отырып, жыл сайын осы шоттарға және тиісті қаржылық есептерге аудит жүргіздіріп отыруға; (iii) алғанына қарай, бірақ әрбір тиісті фискалды жыл аяқталған сәттен бастап алты (6) ай өткеннен кейін кешіктірмей, осы шоттардың және қаржылық есептердің аудиттен өткен және расталған көшірмелерін және аудиторлардың тиісті есебін (қарыз қаражатын пайдалануға және қаржылық шарттардың осы Қарыз туралы келісімге сәйкес келуіне қатысты аудиторлардың пікірлерімен қоса) ағылшын тілінде АДБ-ға беруге; сондай-ақ (iv) АДБ-ның кезеңдік негізді талаптары бойынша осы шоттар мен қаржылық есептерге және аудитке қатысты өзге ақпаратты АДБ-ға беруге м і н д е т т е н е д і .

(b) Қарыз алушы АДБ-ның талабы бойынша, Қарыз алушының жоба үшін қаржылық есептерін және оның Жобаға қатысы бар қаржылық істерін 4.05 (a) бөлімге сәйкес Қарыз алушы жалдаған жоғарыда көрсетілген аудиторлармен бірге кезең-кезеңімен талқылап отыру құқығын АДБ-ға беруге міндеттенеді және егер Қарыз алушы өзгеше келісім бермесе, осындай талқылауды Қарыз алушының уәкілетті өкілінің қатысуымен ғана өткізу шартымен, АДБ-ның сұратуы бойынша,

аудиторлардың кез келген өкіліне осындай талқылауға қатысуға өкілеттік беруге және соны талап етуге міндеттенеді.

4.06-бөлім. Қарыз алушы АДБ өкілдеріне Жобаны және Жобалық объектілерді, сондай-ақ тиісті жазбалар мен құжаттарды инспекциялау мүмкіндігін беруге міндеттенеді.

4.07-бөлім. Қарыз алушы барлық Жобалық объектілердің практиканың ұтымды инженерлік, қаржылық, экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздік шараларына, сондай-ақ жолдарды пайдалану және оларға техникалық қызметтер көрсету рәсімдеріне сәйкес пайдаланылуын, күтіп ұсталуын және жөнделуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## V БАП

### Күшіне енуі

5.01-бөлім. Осы Қарыз туралы келісімге қол қойылған күннен соң алпыс (60) күн өткеннен кейінгі күн Қарыз беру қағидасының 10.04-бөлімінде жазылған мақсаттар үшін Қарыз туралы келісімнің күшіне ену күні болып есептеледі.

## VI БАП

### Өзге де ережелер

6.01-бөлім. Қарыз алушының Қаржы министрі Қарыз беру қағидасының 12.02-бөлімінде жазылған мақсаттар үшін Қарыз алушының өкілі ретінде әрекет етеді.

6.02-бөлім. Төмендегі деректемелер Қарыз беру қағидасының 12.01-бөлімінде баяндалған мақсаттар үшін көрсетіліп отыр:

Қарыз алушы үшін

Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і  
Ж е ñ і с д а ñ ғы л ы , 1 1  
А с т а н а , 0 1 0 0 0 0  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ф а к с

+7 (7172)71 77 85

АДБ үшін

A s i a n D e v e l o p m e n t B a n k  
6 A D B A v e n u e  
M a n d a l u y o n g C i t y  
1 5 5 0 M e t r o M a n i l a  
P h i l i p p i n e s  
Ф а к с  
( 6 3 2 ) 6 3 6 - 2 4 4 4

(632) 636-2448.

ЖОҒАРЫДА БАЯНДАЛҒАНДЫ РАСТАУ үшін осы Келісімнің тараптары өздерінің уәкілетті өкілдерінің тұлғасында осы Қарыз туралы келісімге тиісті қолдармен қол қойылуын және оның АДБ штаб-пәтеріне жоғарыда көрсетілген күні мен жылы жеткізілуін қамтамасыз етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

-----  
Уәкілетті өкіл

А З И Я

Д А М У

Б А Н К І

## 1-ҚОСЫМША Жобаның сипаты

1. Инвестициялық бағдарламаның мақсаты – Жамбыл облысындағы тиімді көлік жүйесін дамыту жолымен Қарыз алушының орнықты экономикалық дамуына ж ә р д е м д е с у .

2. ҚМС-дағы егжей-тегжейлі сипаттауға сәйкес Жоба мынадай Бөліктерден тұратын б о л а д ы :

(а) Жамбыл облысында Тараз бен Қордай арасында орналасқан Аспара – Благовещенка учаскесінің (261.5 км және 310.05 км арасы) ІІ санаттағы 2 жолақты 49 километр толық жолды қайта жаңарту және оны ІВ санаттағы 4 жолақты жолға кеңейту ; ж ә н е

(b) Құрылысты қадағалау жөніндегі консультациялық қызметтер

3. Жобаны 2013 жылғы 1 шілдеде аяқтау межеленіп отыр.

## 2-ҚОСЫМША Қарызды өтеу кестесі

(ОАӨЭЫ 1 көлік дәлізі [Жамбыл облысындағы учаскелер] [Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық бағдарлама – 4-жоба )

1. Төмендегі кестеде қарыздың негізгі сомасын төлеу күні және қарыздың негізгі сомасын әрбір төлеу күніндегі төленуге тиіс Қарыздың жалпы негізгі сомасының пайызы көрсетілген (Кезекті жарна). Егер қарыз қаражаты қарыздың негізгі сомасын өтеу төлемінің бірінші күнгі сәтіне толық көлемде алынған болса, онда қарыздың негізгі сомасын төлеудің әрбір күніне Қарыз алушы өтеуге тиісті қарыздың негізгі сомасын АДБ мыналарды: (а) негізгі қарызды өтеуге төлемнің бірінші күніне талап етілетін және талап етілмеген қарыздың жалпы негізгі сомасын; (b) негізгі қарызды өтеуге төлемнің әрбір күні үшін Кезекті жарнасын көбейту арқылы анықтайды, мұндай өтеу сомасы Валютаны айырбастау қолданылатын осы Қосымшаның 4-тармағында сипатталған кез келген сомаларды шегеру қажеттілігіне қарай түрлендіріледі.

Төлем күні	Кезекті (%-ға шаққанда)	жарна
2015 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2016 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2016 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2017 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2017 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2018 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2018 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2019 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2019 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2020 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2020 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2021 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2021 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2022 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2022 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2023 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2023 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2024 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2024 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2025 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2025 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2026 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2026 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2027 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2027 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2028 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2028 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2029 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2029 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2030 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2030 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2031 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2031 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2032 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2032 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2033 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2033 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2034 жылғы 15 ақпан	2.500000	
2034 жылғы 15 тамыз	2.500000	
2035 жылғы 15 ақпан	2.500000	

2. Егер қарыз қаражаты негізгі қарызды өтеу төлемінің бірінші күніне толық көлемде талап етілмесе, негізгі қарызды өтеуге төлемнің әрбір күніне Қарыз алушы төлеуге тиісті қарыздың негізгі сомасы былайша айқындалады:

(a) Негізгі қарызды өтеу төлемінің бірінші күніне дейін талап етілуге тиіс болған кез келген қарыз қаражаты шегінде Қарыз алушы осы Қосымшаның 1-тармағына сәйкес осы күнге талап етілген және талап етілмеген соманы төлеуге міндеттенеді.

(b) Негізгі қарызды өтеу төлемінің бірінші күнінен кейін жүргізілген кез келген қаражат алу негізгі қарызды өтеу төлемінің осы алу күнінен кейін түсетін әрбір күні АДБ әрбір алу сомасын санаушы негізгі қарызды өтеу төлемінің жоғарыда аталған күні үшін осы Қосымшаның 1-тармағындағы кестеде көрсетілген бастапқы Кезекті жарнаны (Бастапқы Кезекті жарна) құрайтын және бөлгіші осы күнге немесе одан кейін түсетін негізгі қарызды өтеу төлемінің күндері үшін қалған Бастапқы кезекті жарналардың барлығының сомасын құрайтын бөлшекке көбейту жолымен айқындаған сомада өтелуге тиіс, төлемдердің бұл сомалары қажет болған жағдайда осы Қосымшаның 4-тармағында көрсетілген, валютаны Айырбастау қолданылатын сомаларында шегеріп тастау үшін түрлендірілетін болады.

3. Негізгі қарызды өтеу төлемі күндерінің кез келгеніне дейін күнтізбелік екі ай ішінде негізгі өтеудің кез келген күні төлеуге жататын негізгі сомаларды есептеу мақсатында ғана жүргізілген қаражат алуды талап етілген деп және алу күнінен кейін негізгі қарызды өтеу төлемінің екінші күні талап етілмеген деп есептеу керек әрі бұл сома қаражат алу күнінен кейін негізгі борышты өтеу төлемінің екінші күнінен бастап негізгі қарызды өтеу төлемінің әрбір күніне төлеуге жатады.

4. Осы Қосымшаның 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, қарыздың негізгі сомасының талап етілген қаражатының валютасы толық көлемде немесе ішінара бекітілген валютаға Айырбасталған кезде Айырбастау кезеңі ішінде негізгі соманы өтеу күндерінің кез келгенінде өтеуге жататын жоғарыда аталған бекітілген валютаға айырбасталған қаражат сомасын АДБ тікелей жоғарыда аталған Айырбастау алдында ірілендірілген валютадағы осы соманы не: (i) жоғарыда аталған Айырбастауға жататын валюталарды қосарлы айырбастау шеңберінде АДБ-ға төленуге тиіс, негізгі соманы көрсетілген бекітілген валютада көрсететін валюталардың айырбас бағамына; не (ii) Айырбастау жөніндегі нұсқауға сәйкес АДБ-ның шешімі бойынша валюталардың айырбас бағамының белгіленген ставкадағы құрамдасына көбейту жолымен айқындайды.

5. Егер талап етілген және талап етілмеген қарыздың негізгі сомасы қарыздың біреуден артық валютасында кезең-кезеңімен номиналданса, осы Қосымшаның ережелері осы сомалардың әрқайсысы үшін бөлек өтеу кестесін әзірлеу мақсатында қарыздың әрбір валютасына номиналданған сомаларға бөлек-бөлек қолданылуға тиіс.

### 3-ҚОСЫМША Қарыз қаражатын бөлу және алу

#### Жалпы ережелер

1. Осы Қосымшадағы (осы Қосымшаға Толықтыруда көрсетілгендей) кесте (Кесте) қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын Шығыстар баптарының санаттарын, сондай-ақ әрбір осындай Санат үшін қарыз сомасын бөлуді баяндайды. (Осы Қосымшада «Санат» немесе «Санаттар» деген ұғымдар Кестенің Санатына немесе Санаттарына жатады).

#### АДБ қаржыландыруының пайыздық мәндері

2. Егер АДБ-мен өзгеше келісілмеген болса, шығыстар баптарының әрқайсысы Кестеде көрсетілген пайыздық мәндер негізінде қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.

#### Қайта бөлу

3. Кестеде көрсетілген қарыз қаражатын бөлуге және қаражат алу пайызына қ а р а м а с т а н ,

(а) егер кез келген санат үшін бөлінген қарыз сомасы осы Санаттың келісілген шығыстарының барлығын қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып табылса, АДБ Қарыз алушыға хабарлау жолымен (і) басқа санат үшін бөлінген, бірақ АДБ пікірі бойынша басқа шығыстарды қаржыландыруға керек емес қаражат есебінен қаражат жетіспеуінің орнын толтыру үшін қажетті дәрежеде осы Санат үшін қаражатты қайта бөлуге, сондай-ақ (ii) егер бұл қайта бөлу есептелген тапшылықтың орнын толық көлемде толтыра алмаса, осы Санат үшін бұдан кейінгі алуды барлық шығыстар жабылмайынша жүргізу үшін осы шығыстар үшін қаражатты алу пайызын азауға қ ұ қ ы л ы ; ж ә н е

(b) егер қандай да бір Санатқа бөлінген қарыз сомасы осы Санаттағы келісілген шығыстардың барлығынан асып түссе, АДБ Қарыз алушыға хабарлау жолымен мұндай артық соманы басқа Санаттың пайдасына қайта бөлуге құқылы.

#### Қарыз төлеу рәсімі

4. Егер АДБ өзгеше келіспесе, қарыз қаражаты АДБ-ның Қарыз төлеу жөніндегі анықтамалығына сәйкес төленуге тиіс.

### КЕСТЕ

ҚАРЫЗ  
ҚАРАЖАТЫН  
БӨЛУ ЖӘНЕ  
АЛУ  
(ОАӨЭЫ 1  
көлік дәлізі [  
Жамбыл  
облысындағы  
учаскелер]

[Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] Инвестициялық бағдарлама – 4-жоба)				
САНАТЫ		А Д Б - н ы ң ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НЕГІЗІ		
Нөмірі	Атауы	АДБ-ның қаржыландыруы үш і н бөлінген с о м а \$ Санаты	Қ а р ы з ш о т ы н а н жалпы АДБ-ның қаржыландыру пайызы	
1	Жұмыстар	97,600, 000		Шығындардың жалпы сұралған сомасының 85 пайызы
2	Консалтингтік қызметтер	4,800,000		Шығындардың жалпы сұралған сомасының 100 пайызы*
3	Бөлінбеген қаражат	10,500,000		
	Жиыны	112,000,000		

\* Қарыз алушының аумағында алынатын салықтар мен баждарды қоспағанда

#### **4-ҚОСЫМША Жұмыстар мен консультациялық қызметтерді сатып алу**

##### Жалпы ережелер

1. Барлық жұмыстар мен консультациялық қызметтер тиісінше Сатып алу жөніндегі нұсқауға және Консультанттардың қызметтерін тарту жөніндегі нұсқауға сәйкес орындалуға және бақылауға жатады.

2. Осы Қарыз туралы келісімде пайдаланылатын және басқаша айқындалмаған барлық терминдер тиісті жағдайларда Сатып алу жөніндегі нұсқауда және/ немесе Консультанттардың қызметтерін тарту жөніндегі нұсқауда жазылған мағынаға ие болады.

##### Жұмыстарды сатып алу

3. Егер АДБ өзгеше келіспесе, жұмыстар төменде жазылған сатып алу рәсімдерінің негізінде сатып алынуға тиіс:

##### Халықаралық конкурстық сауда-саттық

4. Басқа шарттардан басқа, сатып алу рәсімі Сатып алу жоспарында көрсетілген егжей-тегжейлі уағдаластықтар пен шекті құнға сәйкес орындалуға тиіс. АДБ-мен алдын ала келісілген жағдайда ғана Қарыз алушы сатып алу рәсімін немесе шекті құнды түрлендіруге құқылы, бұл ретте барлық өзгерістер Сатып алу жоспарына толықтыруларда көрсетілуге тиіс.

##### Келісімшартты беру жөніндегі шарттар

- (i) аяқталған АЭН мен ҚОБЖ-ны АДБ мақұлдамайынша; және
- (ii) ЖЖСЖ шарттарға сәйкес орындалмайынша жұмыстар бойынша келісімшарттарды тағайындамауға тиіс.

#### Консультациялық қызметтерді таңдау

6. Егер АДБ өзгеше көрсетпесе, Қарыз алушы іріктеудің сапалық және бағалық параметрлерін ескере отырып, консультанттарды іріктеу әдісін немесе олардың қызметтерінің көлемін қолдануға құқылы.

#### Өнеркәсіптік және зияткерлік меншікке құқық

7. (a) Қарыз алушы сатып алынған жұмыстар (не жеке, не басқа тауарлар мен қызметтер құрамында сатып алынған барлық компьютерлік аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді, компьютерлік жүйелерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) үшінші тұлғалардың өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншікке кез келген құқықтарын немесе талабын бұзбауын немесе қысым жасамауын қамтамасыз етуге м і н д е т т е н е д і .

(b) Қарыз алушы жұмыстарды сатып алу бойынша барлық келісімшарттар тиісті нұсқамаларды, кепілдіктерді және егер қажет болса, осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген жағдайларға қатысты мердігер немесе өнім беруші тарапынан зиянды өтеу кепілдіктерін қамтитынына көз жеткізуге міндеттенеді.

8. Қарыз алушы ұсынылып отырған көрсетілетін консультациялық қызметтер үшінші тұлғалардың өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншікке кез келген құқығын немесе талабын бұзбайтынына немесе қысым жасалмайтынына көз жеткізу үшін АДБ қаржыландыратын консультанттармен жасалатын барлық келісімшарттар тиісті нұсқамаларды, кепілдіктерді және егер қажет болса, консультанттар тарапынан зиянды өтеу кепілдіктерін қамтитынына көз жеткізуге міндеттенеді.

#### АДБ-ның сатып алу туралы шешімдерді қарауы

9. Егер Қарыз алушы мен АДБ арасында өзгеше келісімесе және Сатып алу жоспарында көрсетілмесе, халықаралық конкурстық сауда-саттық рәсімдері шеңберінде сатып алынған барлық келісімшарттар және консультациялық қызметтер көрсетуге арналған келісімшарттар АДБ-ның алдын ала қарауына жатады.

10. Келісімшарт бойынша жұмыстарды аяқтауға белгіленген кезеңнің уақытын ұзартудан бұрын, осы келісімшарттың мерзімі мен шарттары бойынша кез келген өзгеріске келісуден, оның ішінде осы келісімшарт шеңберіндегі өзгертуге өтінім немесе өтінімдер жазудан бұрын Қарыз алушы ұсынылатын ұзартуға, өзгеріске АДБ тарабынан мақұлдау алуға тиіс. Егер АДБ ұсыныстарды Қарыз туралы келісімнің шарттарына және/немесе Сатып алу жоспарына сай емес деп анықтаса, онда Қарыз алушыға осы шешімнің себептерін дереу хабарлауға және түсіндіруге тиіс. Келісімшартқа енгізілетін барлық түзетулердің көшірмелері есепке алу үшін АДБ-ға табыс етілуге тиіс.

## **5-ҚОСЫМША Жобаны орындау және жобалық объектілерді пайдалану; қаржылық мәселелер**

### Іске асыру тәртібі

1. Жоба бойынша атқарушы агенттік ретінде ККМ Жобаны іске асыру үшін жалпы жауапкершілікте болады. (а) ЖБК-АДБ және (б) осы жоба бойынша тартылған құрылысты қадағалау жөніндегі консультанттар ККМ-ге және ККМ Автожол комитетіне іске асырушы агенттік ретінде көмектеседі.

2. Қарыз алушы (а) кез келген жұмысты бастағанға дейін ККМ-нің құрылысты қадағалауға жауапты консультанттарды жұмылдырғанына; (б) жоба іске асырылатын бүкіл кезең ішінде қолдау көрсету үшін ККМ мен Жол комитетінің құзырлы персоналы тағайындағанына; және (с) ККМ-нің жобаны АДБ-мен келісім бойынша енгізу кестесіне сәйкес және оны пайдалана отырып орындағанына көз жеткізуге міндетті.

### Мониторинг, Жобаға шолу және Бағалау

3. Қарыз алушы ККМ-нің жобаны іске асыру тиімділігін мониторингілеу жүйесі арқылы аталған жобаның орындалуын мониторингілеуін және бағалау жүргізуін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Күтілетін нәтижелер ретінде ұсынылатын түйінді көрсеткіштер мен болжанған нәтижелер және мониторинг пен дизайн құрылымындағы жобаның әсері талдау үшін қажетті бастапқы деректер болып саналады.

4. Қарыз Күшіне енген күннен кейінгі 1 жыл ішінде жобаға бірлескен аралық шолу жүргізіледі. Аталған бірлескен аралық шолу РСФ-да баяндалған қарыз алу шарттары мен міндеттемелеріне сәйкес жоба қауіпсіздігінің инженерлік, экологиялық және әлеуметтік шараларына бағытталады. Бағалау жобаның және Инвестициялық бағдарламаның табысты іске асырылуын және олардың мақсаттарына көз жеткізуді қамтамасыз ету үшін барлық қажетті аралық өзгерістер жүргізуге мүмкіндік береді.

### Қаржылық басқару жүйесі, аудит және есептілік

5. Қарыз алушы (а) АДБ талаптарына сәйкес қаржылық басқару жүйесі құрылатынына және жұмыс істейтіндігіне; (б) АДБ әзірлеген техникалық тапсырмаға сәйкес жыл сайынғы негізде жоба бойынша қаржылық аудит жүргізілетініне көз жеткізуге міндеттенеді.

6. Осы Қарыз туралы келісімнің (а) 4.05-бөлімінің және (б) Қарыз беру қағидасының VII бабының ережелерін қате ұғынбай, Қарыз алушы жобаны орындауға қатысушылардың барлығы Қарыздың тиісті қаражатын; сондай-ақ осы мақсат үшін қолданылатын Қарыз алушының қаражатын пайдалану үшін жеке жазбалар мен шоттарды жүргізетініне көз жеткізуге міндеттенеді. Қарыздар беру қағидасының 7.04-бөлімінде көрсетілген талаптарға қосымша Қарыз алушы АДБ-ға: (а) жобаны іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралардың және оған байланысты мәселелердің мәртебесі туралы ақпаратты жаңарту үшін қарыз күшіне енген күннен бастап әрбір ай

аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде айлық есептерді; (b) қарыз күшіне енген күннен бастап әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін 2 апта ішінде қол жеткізілген нәтижелер туралы тоқсандық есептерді және (с) орындау процесі мен мониторинг туралы басқа да есептерді жарты жылда бір рет ұсынуды ККМ-ге тапсырады.

#### Бірлесіп қаржыландыру

7. Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің 4.02-бөлімінің жалпы мағынасын шектеместен, ККМ үшін жыл сайын бөлінетін бюджет қаражаты түрінде жобаны уақтылы және тиімді орындау үшін қажетті бірлесіп қаржыландырудың барлық қаражатына қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттенеді және қажетті ресурстар уақтылы ұсынылатынына көз жеткізуге міндеттенеді. Қарыз алушы ККМ-нің жобаны іске асыру үшін қаржыландырудағы барлық өзгертілген қажеттіліктерді өзінің жыл сайынғы даму бағдарламаларына енгізетініне көз жеткізуге міндеттенеді.

#### Құрылыстың сапасы

8. Қарыз алушы жобаның қолданылатын техникалық ерекшеліктер мен жоспарларға сәйкес орындалуын және құрылысты қадағалау, сапаны бақылау және жобаны басқару қолданылатын стандарттар мен үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етуді ККМ-ге тапсырады.

#### Жұмыстарға арналған келісімшарттар

9. Осы Қарыз туралы келісімнің 5-қосымшасының 11, 12, 13, 14 және 15-тармақтарының ережелерін қатаң ұғынбай, Қарыз алушы жоба, ҚОӘБ және жаңартылған ҚОҚЖ бойынша жолдың тиісті бөлігіне қатысты ЖСҚЖ-ның (атап айтқанда, зардап шеккен адамдарға өтемақыны уақтылы төлеуді қоса алғанда) барлық қолданылатын ережелері сақталғанға дейін тиісті мердігерлерге жұмыстардың басталғаны туралы хабарламалардың біреуінің де берілмеуін қамтамасыз етуді тапсырады. Қарыз алушы ККМ-ге (a) құрылыс жұмыстарына арналған барлық келісімшарттарда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды мердігердің орындау міндеттілігін қамтитынына көз жеткізуін; және (b) жобаланған жолдарды пайдалану кезінде қозғалыстың авариялық және қарқындылық деңгейінің мониторингін жүзеге асыруын да тапсыруға тиіс.

#### Заңсыз саудаға жол бермеу

10. Қарыз алушы жобалық жолда адамдарды, жабайы жануарларды, сирек кездесетін жануарларды және бақыланатын заттарды заңсыз сатуды анықтау және болғызбау үшін сенімді әрі қатаң шаралардың орындалуын толығымен қамтамасыз етеді.

#### Қоршаған орта

11. Қарыз алушы ККМ-ге (a) жоба шешімдері, Жобалық объектілердің құрылысы мен оларды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету АДБ-ның Қауіпсіздік шаралары туралы саясатына (2009), Қарыз алушының, ЭБШНҚ-ның табиғатты қорғау заңнамасы мен нормативтік талаптарына, Инвестициялық бағдарлама үшін

дайындалған және АДБ-мен келісілген қоршаған ортаға әсер етудің жалпы бағасына және ҚОӘБ-ға сәйкес жүргізілетініне; және (b) жобаның қоршаған ортаға әлеуетті зиянды әсер етуі ҚОҚЖ-да көрсетілгендей азайтудың барлық шараларын және мониторинг қолдану есебінен төмендегеніне көз жеткізуді тапсырады.

12. Қарыз алушы ККМ-ге (a) ҚОҚЖ жұмыстардың басталуы туралы кез келген хабарлама берілгенге дейін жаңартылғанына; (b) ҚОҚЖ орындалуының іске асырылуы, мониторингі мен есептілігі үшін жеткілікті ресурстар берілгеніне; (c) жарты жылдық экологиялық есептердің, ол бойынша есеп жасалатын әрбір кезеңнен кейінгі үш (3) айдың ішінде дайындалғанына және АДБ-ға ұсынылғанына; (d) есептер, өзгелерінен басқа, ҚОҚЖ орындауындағы жетістіктерге шолуды, проблемаларды және осы проблемаларды шешу жөніндегі шараларды қамтитынына; (e) Жоба шеңберіндегі егжей-тегжейлі инженерлік жоспар мен құрылыс жұмыстарының келісімшарттары ҚОӘБ мен ҚОҚЖ-да көрсетілген қолданылатын экологиялық шараларды қамтитынына; және (f) ҚОӘБ және ҚОҚЖ талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында мердігерлердің бақыланатынына қосымша көз жеткізуді тапсырады.

#### Жер сатып алу және қоныс аудару

13. Қарыз алушы ККМ-ге өзгелерінен басқа, мынадай: (a) ЖСҚНҚ ережелеріне сәйкес ЖСҚЖ қатысы бар тұрғындардың назарына жеткізілуге тиіс; (b) ЖСҚЖ-ны құрылыс жұмыстарына арналған қандай да бір келісімшарттарды алғанға дейін АДБ-ның қарауына және мақұлдауына ұсыну қажет; (c) жоба үшін қажетті барлық жер учаскелері мен бөлінетін белдеулер дер кезінде сатып алынуға және берілуге тиіс; (d) мыналар: (i) қоныс аударған адамдарға көмек көрсету мақсатында табысын және өмір сүру деңгейін қалпына келтіру үшін жағдай жасайтын жоспарды қамтитын ЖСҚЖ түпкілікті әзірленбейінше; (ii) жобаның тиісті құрауыштары немесе құрылысқа дайын учаскелері үшін әрбір қоныс аударған адамға орнын ауыстырудың толық құнының өтемақысы төленбейінше; (iii) қоныс аударудың тиісті жоспарында көрсетілген көмектің басқа да түрлері қоныс аударған адамдарға көрсетілмейінше ешқандай күштеп немесе экономикалық қоныс аудару мердігерлерге жұмыстардың басталуы туралы ешқандай да нұсқау жасалмауға тиіс; (e) мәселелер мен шағымдар туындаған кезде оларды уақтылы шешу үшін мүдделеріне жоба әсер ететін адамдарға көмек көрсету үшін шағымдарды қараудың тиімді тетіктері белгіленуге тиіс; (f) ЖСҚЖ-ның іске асырылуын бақылауды және оған мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті персонал мен ресурстар; (g) АДБ үшін қолайлы, мониторинг жүргізу жөніндегі тәуелсіз ұйым ЖСҚЖ-ның сыртқы мониторингін және оны бағалауды жүргізетін және ЖСҚЖ-ның іске асырылу процесінің басында және оның аяқталуы бойынша нәтижелерді АДБ-ға ұсынатын болады; және (h) егер ЖСҚЖ-ны орындау кезеңінде жергілікті жерде, жол айырымдарында кез келген өзгерістер не қоршаған ортаға қосымша әсер және /немесе қоныс аудару анықталса, онда ЖСҚЖ-ға толықтырулар енгізу және ЖСҚЖ-ны одан әрі іске асырғанға дейін АДБ-ның және тиісті үкіметтік

органдардың алдын ала мақұлдауын алу қажет деген ережелерді қоса алғанда, Жоба Қарыз алушының қолданыстағы заңнамасына және нормативтік талаптарына, АДБ-ның Қауіпсіздік шаралары туралы саясатына (2009) және ЖСҚНҚ мен ЖСҚЖ-ға сәйкес о р ы н д а л а д ы .

14. Қарыз алушы жобаға қатысты жерді жалға алушыларға беру үшін жер учаскелеріне талдау жүргізуді және тең жер іздеуді, немесе қолданылатын құқықтарға және Қарыз алушының заңнамасына, Қауіпсіздік шаралары туралы АДБ саясатына (2009), ЖСҚНҚ және ЖСҚЖ-ға сәйкес олардың тыныс-тіршілік деңгейін қалпына келтіруге көмек көрсету үшін осындай жалға алушыларға басқа да қолдау түрлерін көрсетуге міндеттенеді. Жоғарыда көрсетілгендердің нәтижелері ЖСҚЖ түпкі нұсқасына қоса берілетін болады. Мемлекеттік резервтік жер учаскелерінің жоқ екендігі анықталған жағдайда Қарыз алушы жобаға қатысты жалға алушыларға (жалдау шарты кемінде 5 жыл болатын фермерлерге – жобаға қатысты жалға алушылар) оларда қалған жер учаскесінде (учаскелерінде) өндірісті ұлғайту немесе кеңейту үшін жеткілікті қаржылық немесе техникалық көмек беру жөніндегі шараларды қабылдайды. Жоғарыда ескерілгенге жататын ақпарат, оның ішінде жобаға қатысты жалға алушылардың тізімі, шығындар, кестелер мен осындай өтемақылар бойынша қабылданатын шаралар ЖСҚЖ түпкі нұсқасында айтылатын болады.

#### Еңбекті қорғау

#### 15. Қ а р ы з а л у ш ы К К М - г е :

(а) құрылыс мердігерлерінің (і) қолданылатын негізгі еңбек стандарттарын, еңбек заңнамасын және жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігінің тиісті нормаларын қолдануды, (ii) еркектер мен әйелдерге тең еңбек үшін тең ақы төлеуді; (iii) жолдарды салу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі іс-шаралар кезінде балалар еңбегін пайдаланбауды; (iv) жұмысқа қойылатын талаптарды баламалы орындау және тиімділік шартымен жобаның құрылыстық мақсаттары үшін жергілікті аз қамтылған және тұрмысы нашар халықты ықтимал көлемде барынша жұмысқа орналастыруды және (v) тәжірибесі бар және тәжірибесі жоқ жұмыс істейтін әйелдерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді, және

(b) АИТВ/ЖҚТБ-ны қоса алғанда, жыныстық жолмен тарайтын аурулар тәуекелдері туралы ақпаратты жоба шеңберінде тартылған мердігер ұйымдардың қызметкерлері мен жобалық жолға тікелей жақын тұратын жергілікті тұрғындар арасында таратуды жүзеге асыруды қамтамасыз етуді тапсырады.

#### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

16. Қарыз алушы АДБ-ның *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі саясатын* (1998 жылғы, қазіргі уақыттағы түзетулерімен) қолдануға міндеттенеді. Қарыз алушы ұтымды басқару, есептілік және ашықтық қағидаттарын қолдану міндеттемесіне сәйкес АДБ тікелей не өзінің агенттері арқылы жобаға қатысты барлық болжамды сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, астыртын сөз байласу немесе мәжбүрлеу жағдайларын тексеруге

құқылы екендігімен және Қарыз алушы кез келген мұндай тексерудің қанағаттанарлықтай аяқталуы үшін қажеттігіне қарай тиісті есептер мен жазбаларға қолжетімділікті қамтамасыз етуді қоса алғанда, көмек көрсетудің қажетті деңгейінде кез келген мұндай тексеруге толыққанды ынтымақтасатынына және көмектесетініне келіседі. Бұдан басқа, Қарыз алушы ККМ-ге (а) мердігерлердің қарыз қаражатын алуға және олар бойынша төлемдерге қатысты іс-әрекеттеріне кезеңдік тексерулер жүргізуді; (b) жоба шеңберінде АДБ қаржыландыратын барлық келісімшарттар АДБ-ның аудит жүргізу және барлық мердігерлердің, өнім берушілердің, консультанттардың, сондай-ақ жобаға қатысы бар қызметтердің өнім берушілерінің жазбалары мен шоттарына тексеру жүргізу құқығын белгілейтін ережелерді қамтитынына көз жеткізуді; (с) құрылысты қадағалау жөніндегі консультант мердігерлердің төлем сертификаттарын келісімшарттың жұмыс сызбалары мен ерекшеліктеріне сәйкес тексерілетініне көз жеткізуді; және (d) Инвестициялық бағдарлама үшін әзірленген және АДБ-мен келісілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспарының орындалуына көз жеткізуді тапсырады.